

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-балабақша
менгерушісі Жанибекова Г
« » « » 2024 жыл



«Аяулы ана!» ертеңгілік

«Балапан» кіші жас тобы

Тәрбиеші: Н. Мусаева

Бидаулетова П

2023 – 2024 оқу жылы

« Аяулы ана ! »

*Музыкамен балалар залға кіріп «Сәлемдесу» музыкалық-ырғақтық қимыл жасайды.
Орындарына отырады.*

Музыкамен Көктем кіреді.

Көктем: Қымбатты балалар міне, бізге ең тамаша жыл мезгілі – көктем де келіп жетті. Күннің көзі қарды ерітіп, аналарымызға, әжелерімізге сүйкімді қыздарымызға күлімдейді. Балалар, көктем мезгілді жайлауға барып қарсы алайық!

Хор «Ана»

Ана туралы өлең шумақтарымызды тыңдайық!

Тақпақтар:

1. Серікқали

Ел басы – Наурыз мереке,
Ақ нұрға асем боянды.
Аналар тойы береке,
Тіршілік жаңа оянды.

2. Рамазан

Анам – Отан,
Анам – шырақ.
Анам – теңіз,
Анам – бұлақ.

Ән «Көктем»

Көктем. Жарайсындар балалар, керемет! Маған ұнады! Балалар, аналарымызға, әжелерімізге бәліш пісіріп берейік.

Музыкалық логоритмикалық ойын: «Бәліш»

Көктем: Балалар, мен құр қол келген жоқпын. Көп гүлдер алып келдім, бірақ бәрі шатасып кетті. Маған көмектесіңдер ме? Қызыл мен сары гүлдерді ажыратып себеттерге жинап берсеңіздер?

Ойын: «Гүлдерді ажыратып жина»

Жүргізуші: Көктем ару, біздің балалармен Балалар оркестрірін ұйымдастырайық.

Көктем: Бәрекелді, әрине!

«Балалар оркестрі»

Жүргізуші: Бүгінгі мереке сүйікті әжелерімізге де арналады.

Жүргізуші: Балалардың әжелеріне арналған тақпақтары бар! Кәне балалар ортаға шығып айтып берейік!

Әжелерге тақпақтар:

1. Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.
2. Әжемді жақсы көремін,
Өлең айтып беремін.

Үлкен болып өскенде,
Бәрін алып беремін.

3. Әжем менің ақ әжем,
Ешкімде жоқ әжем.
Ертегі айтып береді,
Маған да сол керегі.

Ән: «Мен әжемді өте жақсы көремін»

Би «Гүлдер биі»

Көктем:Балалар сендердің әндерін, тақпақтарын маған өте ұнады. Сендерге тек қуаныш бақыт тілеймін аналарыңды әрқашан қуанып жүре беріңдер! Сау болыңдар!

Жүргізуші.Құрметті қонақтар, балалар, бүгінгі мереке аяқталды. Келе жатқан сегізінші наурыз мереке құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, мол табыс тілеймін. Өсіп кележатқан балапандарымыз аман болсын. Сау болыңдар!